

DOI 10.52260/2304-7216.2025.4(61).27
 ЭОЖ 330.123.6
 FTAMP 82.15.05

Ш. Сапарбайқызы, п.ғ.к.¹
 В. Казангапова*, PhD докторанты¹
 А.У. Кабекенова, п.ғ.м.¹
 У.Ж. Конакбаева, PhD²

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
 және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан¹
 Ж.А. Ташенев университеті, Ақтау қ., Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: zhmbabay.yerkezhan@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында болашақ педагогтардың этнопедагогикалық құзыреттілігінің құрылымын анықтаудың теориялық-әдіснамалық тәсілдері талданған. Құзыреттіліктің негізгі компоненттері: когнитивтік, құндылық-мағыналық және іс-әрекеттік сипаттамалары қарастырылып, жоғары оқу орны практикасында оларды тиімді дамытуға ықпал ететін педагогикалық жағдайлар айқындалған. Зерттеу білім беру ортасын кешенді талдауды қамтамасыз ететін жүйелілік, құзыреттілік және мәдениеттанымдық тәсілдерге негізделген.

Жұмыс барысында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 120 студенті арасында сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері 2023–2024 жылдар аралығындағы салыстырмалы динамикада зерттелген. Сондай-ақ профессор-оқытушылар құрамымен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізу және оқу бағдарламаларына этномәдени компоненттің енгізілу деңгейіне контент-талдау жасау әдістері қолданылған. Студенттердің басым бөлігінде (64%) этнопедагогикалық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі орташа екені анықталып, әдістемелік қолдауды жүйелеу қажеттілігі негізделген.

Мақалада ұлттық құндылықтарды оқу үдерісіне инновациялық форматтар: цифрлық сторителлинг, этно-кейстер және геймификация элементтері арқылы кіріктірудің тиімділігі көрсетілген. Мультимедиялық технологияларды пайдалану және этнопедагогикалық жағдаяттарды интерактивті модельдеу болашақ мұғалімдердің мәдениетаралық сезімталдығын едәуір арттыратыны дәлелденген. Зерттеу нәтижесінде педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу жоспарлары мен тәрбие жұмысы бағдарламаларының мазмұнын жаңарту бойынша практикалық ұсынымдар тұжырымдалған. Алынған қорытындылар полиэтникалық білім беру ортасында тиімді жұмыс істеуге және қоғамдық келісімді нығайтуға қабілетті кадрларды даярлау үшін жүйелі этнопедагогикалық тәсілді енгізудің маңыздылығын растайды.

Кілт сөздер: этнопедагогикалық құзыреттілік, полимәдени білім беру, этносаралық төзімділік, педагогикалық мамандықтардағы студенттер, этномәдени құндылықтар, ұлттық тәрбие, қоғамдық сананы жаңғырту, этнопсихология, педагогикалық білім беру, тәрбие жұмысы.

Ключевые слова: этнопедагогическая компетентность, поликультурное образование, межэтническая толерантность, студенты педагогических специальностей, этнокультурные ценности, национальное воспитание, модернизация общественного сознания, этнопсихология, педагогическое образование, воспитательная работа.

Keywords: ethnopedagogical competence, multicultural education, interethnic tolerance, students of pedagogical specialties, ethnocultural values, national upbringing, modernization of public consciousness, ethnopsychology, pedagogical education, educational work.

Кіріспе. Глобалдану, мәдени әртүрлілік пен этносаралық қозғалыстың артуы жағдайында болашақ педагогтардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы арта түсуде. Қазақстан Республикасы – 130-дан астам этнос өкілі өмір сүретін полиэтникалық мемлекет. Бұл ұлттық тілдерді, мәдениеттерді және аймақтық дәстүрлерді сақтау мен дамытуға бағытталған білім беру саясатын қалыптастыру қажеттілігін айқындайды. Мемлекеттік білім беру саясатының басты қағидаттарының бірі – мәдениетаралық диалог пен толеранттылықты қамтамасыз ету болып табылады. Бұл қағидат әсіресе педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде өзекті.

Қазақстанның қазіргі жоғары білім беру жүйесі этномәдени компоненттерді оқу бағдарламаларына енгізу арқылы белсенді түрде жаңғыртылуда. Бұл компоненттер студенттерді этносаралық келісім құндылықтарына баулуға бағытталған. Алайда педагогикалық практикада

студенттердің этномәдени сезімталдығының жеткіліксіз деңгейі әлі де байқалады. Мұндай жағдай этнопедагогикалық аспектілердің оқу пәндеріне фрагменттік түрде енгізілуімен, әдістемелік қамтамасыз етудің шектеулілігімен және тиісті құзыреттерді дамытуға бағытталған жүйелі тәсілдің болмауымен байланысты. Осыған байланысты ұлттық құндылықтардың болашақ педагогтардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалын ғылыми тұрғыдан ұғыну, сондай-ақ тиімді әдістемелік шешімдерді әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің мақсаты – ұлттық құндылықтардың болашақ педагогтардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруға әсер ету ерекшеліктерін айқындау және педагогикалық білім беру жүйесіне этномәдени компонентті кіріктіру бойынша әдістемелік тәсілдерді ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

- болашақ педагогтарды даярлау контекстінде «этномәдени құзыреттілік» ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздерін талдау;
- білім беру үдерісіндегі ұлттық құндылықтардың этномәдени сезімталдықты қалыптастыру факторы ретіндегі рөлін анықтау;
- педагогикалық мамандық студенттерінің этномәдени құзыреттілігін дамыту тәжірибелерін зерттеу;
- оқу бағдарламалары мазмұнын этномәдени компонентті ескере отырып жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің әдіснамалық негізін этнопедагогикалық құзыреттілікті қоғамдық сананы жаңғырту контекстінде қалыптастыруды зерттеуге бағытталған теориялық және эмпирикалық талдаудың өзара толықтыратын әдістер кешені құрайды. Теориялық деңгейде этнопедагогика, педагогикалық антропология, мәдениетаралық коммуникация және ұлттық тәрбие салаларындағы ғылыми әдебиеттерді талдау, синтездеу, салыстыру және жалпылау әдістері қолданылды. Бұл әдістер мәселенің өзектілігін негіздеуге, ұғымдық-санаттық аппаратты айқындауға және зерттеу гипотезасын құруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелерінің репрезентативтілігі мен сенімділігін арттыру мақсатында эмпирикалық мәліметтер 2023–2024 жылдар аралығындағы серпінділік тұрғысынан қарастырылды. Эмпирикалық деңгейде келесі жұмыс түрлері жүзеге асырылды:

Сауалнама: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 120 студенті қатысты. Репрезентативтілікті қамтамасыз ету үшін іріктеме жиынтығына түрлі курстар мен мамандықтардың студенттері тең пропорцияда тартылды. Бұл 120 респонденттің жауаптарын 2023 жылғы және 2024 жылғы ұқсас мониторингтік көрсеткіштермен салыстыра талдауға мүмкіндік берді.

Жартылай құрылымдалған сұхбат: Педагогикалық пәндерден сабақ беретін 10 оқытушымен жүргізілген сұхбат нәтижелері 2 жылдағы оқу бағдарламаларының өзгеру тенденцияларымен ұштастырылды.

Контент-талдау: Оқу бағдарламалары мен әдістемелік материалдарды талдау кезінде 2023–2024 жылдардағы мазмұндық өзгерістерге салыстырмалы шолу жасалды.

Зерттеу нәтижелерін өндеуде қолданылған сандық және сапалық талдау әдістері 120 студенттен алынған мәліметтерді кеңірек контексте — жоғары оқу орнындағы этномәдени білім берудің 2 жылдық даму динамикасы аясында қорытындылауға жол ашты. Бұл тәсіл алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін нығайтты.

Зерттеу нәтижелерін өндеу сауалнама нәтижелерін статистикалық талдау мен сұхбаттарды тақырыптық кодтауды қамтитын сандық және сапалық талдау әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Алынған мәліметтер этнопедагогикалық құзыреттілікті дамыту бойынша педагогикалық ұсынымдар әзірлеуге және қоғамдық сананы жаңғыртудың стратегиялық міндеттері аясында болашақ педагогтарды даярлаудың тиімді жағдайларын айқындауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттік шолу. Т.А. Спирина мен С.Г. Головинаның зерттеуінде этникалық төзімділікті қалыптастыру үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуіне баса назар аударылады. Авторлар этнопсихологиялық және этнопедагогикалық бағыттағы пәндерді енгізудің, сондай-ақ мәдени әртүрлілікке құрметті дамытуға бағытталған тәжірибеге бағытталған оқыту түрлерінің (пікірталастар, тренингтер, жобалық қызмет) қажеттілігін атап көрсетеді [1].

А. Темірғалинованың мақаласында болашақ педагогтардың кәсіби сипаттамасының маңызды құрамдас бөлігі ретінде коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілік қарастырылады. Автор этнопедагогика мен полимәдени ЖОО жағдайындағы мәдениетаралық өзара әрекеттестіктің

маңыздылығын көрсетеді. Сондай-ақ оқытушылардың әдістемелік дайындығы мен оқу үдерісіне этномәдени компонентті енгізудің қажеттілігі атап өтіледі [2].

Мұғалімдерді даярлау үдерісінде сыни ойлауды қалыптастыру қазіргі білім беру жағдайында олардың кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. М. Kabysheva деректері бойынша, сыни ойлау тек оқытудың элементі ғана емес, Қазақстандағы педагогикалық даярлаудың негізгі мақсаты болуы тиіс. Оның зерттеуінде бұл құзыреттілікті дамыту когнитивтік белсенділікті, талдау, интерпретациялау және аргументация қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететіні атап өтіледі. Бұл, әсіресе, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында аса маңызды [3].

Аипова А. және авторлар ұжымы мақаласында қоғамдық сананы жаңғырту контекстінде болашақ педагогтардың этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Авторлар этнопедагогикалық құзыреттілікті мәдени алуандық жағдайында мұғалімнің кәсіби дайындығының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Әдебиеттерге шолу этномәдени компонентті оқу үдерісіне енгізудің, ұлттық-бағдарланған тәсілдерді қолданудың және Қазақстан этностарының дәстүрлері мен құндылықтарымен өзара әрекеттесудің маңыздылығын көрсетеді. Университеттердің студенттерге мәдени айырмашылықтарға құрмет, мәдениеттер диалогына дайындық және полимәдени ортада жұмыс істеу қабілеттілігін дамытудағы рөліне ерекше назар аударылады [4].

Осылайша, әдебиеттерге шолу қарастырылып отырған мәселе бойынша теориялық және тәжірибелік негіздің бар екенін көрсетеді, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды педагогтарды даярлау жүйесіне интеграциялауға бағытталған жүйелі тәсілдерді әзірлеуді талап ететінін де айғақтайды.

Негізгі бөлім. Этномәдени білім беру – бұл этностың материалдық, рухани және әлеуметтік мұрасын меңгеру мен тәжірибеде қолдануға бағытталған біртұтас үдеріс. Ол тұлғаның туған мәдениетінің терең мазмұнын және көпэтносты қоғам жағдайындағы кең өрісін игеру арқылы тәрбиеленуіне негізделеді. Бұл үдерістің басты мақсаты — балалардың туған жері үшін заңды мақтаныш сезімін қалыптастыру. Этномәдени білім берудің негізгі бөлігі – институционалдық білім беру. Оның басты міндеті – оқыту. Этномәдени білім беру мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Бұл жерде ана тілі мен мемлекеттік тілді меңгеру міндетті шарт болып табылады. Этномәдени кеңістіктің мазмұндық жағы сабақ қандай тілде өтетініне, қандай пәндер оқытылатынына және олардың мазмұнына байланысты қалыптасады. Ана тілі мен шетел тілдері балабақша кезеңінен бастап білім мен қарым-қатынас тіліне айналуы тиіс. Этномәдени кеңістік ең нәтижелі түрде мектептерде қалыптасады. Ана тілі, әдебиет, тарих пәндерін қосымша меңгеруге баршаға мүмкіндік берілуі қажет [5].

Қазақстан Республикасы педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасының талдамалық түсіндірмелері бойынша полимәдениетке негізделген әдіснама мен инновациялық ойлауға ие тұлғаны қалыптастыру ХХІ ғасыр мұғалімін даярлаудың теориялық базасы ретінде қарастырылады [6].

Қазақстанның полиэтностық қоғам жағдайында этносаралық үйлесімділік пен толеранттылықты қамтамасыз етуді көздейтін тіл саясаты тұжырымдамасы әзірленді. Бұл тұжырымдамадағы жүйелілік, кезеңдік, бірізділік, кешенділік, өзара түсіністік пен төзімділік принциптері педагогикалық үдеріске тиімді кіріктіріліп, тәрбиелік әлеуетті арттырады. Этномәдени сұранысты қанағаттандыруға бағытталған білім беру жүйесінің басты элементі – мәдениетаралық көптілді білім беру тұжырымдамасы.

Этномәдени білім берудің негізі – өз халқының және бірге өмір сүріп жатқан өзге этностардың тарихи тәжірибесін оң қабылдау. Бұл ұрпақ бойында ұлттық тамырға, рухани жаңғыруға, достық пен өзара көмектің дәстүрлерін сақтауға деген құрметті қалыптастырады. Этномәдени тәрбиелік дәстүрлер – жалпыұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын құндылықтар, нормалар мен ұстанымдар жиынтығы. Осыған байланысты этномәдени білім берудің басты міндеті — этникалық әртүрлілікті гуманистік құндылықтар мен халықтар достығы идеясына негізделген біртұтас білім кеңістігіне кіріктіру. Этномәдени компоненттің құрылымы ортақ тарихи-мәдени негізге ие білім мазмұны бірліктерінің жиынтығынан тұрады. Бұл мазмұнды зерделеу барысында «этнос», «мәдениет», «құндылықтар» ұғымдарын біріктіретін «этномәдени құндылықтар» тұжырымдамасын негізге алған жөн. Бұл ұғымға этникалық қауымдастықтың тілімен, тарихымен және өмір салтымен байланысқан рухани және материалдық мұра жатады.

Халықтық тәрбиеге негізделген этникалық педагогика өткеннің құндылықтарын сақтай отырып, оларды қазіргі білім беру кеңістігіне бейімдеуге бағытталған. Этномәдениет тәрбиенің барлық аспектілерін қамтып, оның сарқылмас қайнар көзіне айналады.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде этномәдени компонентті қалыптастыру үш мақсатқа негізделеді:

1 Білімдік – туған және өзге халықтардың мәдени-тарихи мұрасын білу, оны жалпыадамзаттық құндылықтар контекстінде ұғыну;

2 Тәрбиелік – өз халқы мен өзге этностардың рухани-адамгершілік мұрасын меңгеру негізінде құндылықтық бағдарларды дамыту;

3 Дамытушылық – жалпы және мектепке дейінгі білім арқылы этномәдени құндылықтарды жеткізе алатын кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

4 Этномәдени тәрбие – жеке тұлғаны этнос өкілі және көпұлтты қазақстандық қоғам азаматы ретінде дамытатын мақсатты педагогикалық үдеріс. Бұл үдеріс туған мәдениетке, моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелеріне, сондай-ақ өзге халықтардың мәдени мұрасына баулуды қамтиды. Халық педагогикасының элементтерін қолдану туған мәдениетке қызығушылық пен басқа этностарға толерантты қатынасты қалыптастырады.

Алайда қазіргі білім беру тәжірибесінде этномәдени тәрбиенің әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Жаһандық стандарттар мен халықаралық тәжірибеге негізделген бағдар ұлттық мәдениетке қызығушылықтың төмендеуіне әкеліп, этностық ерекшелікті сақтауға теріс әсерін тигізеді.

Соған қарамастан, этномәдени білім беру этникалық бірегейлікті қалыптастыруда, этносаралық коммуникация мәдениетін тәрбиелеуде және этностық қақтығыстардың алдын алуда үлкен әлеуетке ие. Ол өзге халықтардың рухани құндылықтарын туған мәдениет тұрғысынан түсінуге жол ашады және, бір жағынан, этномәдени өзіндік ерекшелікті сақтауға, екінші жағынан — мәдениетаралық диалогқа қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі қоғамның мәдени дамуындағы өзекті міндет — жағымсыз әлеуметтік-мәдени ортадан туындаған рухани-адамгершілік дағдарысты еңсеру. Студенттік ортада адамгершілік деңгейінің төмендеуі, агрессия мен девиантты мінез-құлықтың өсуі байқалады. Осы жағдайда этномәдени және рухани-адамгершілік бағдарлар негізінде тәрбие жұмысын жүргізе алатын педагог даярлығы ерекше мәнге ие.

Этномәдени компонентті жүзеге асыруға кәсіби дайындық мынадай құрылымнан тұрады:

– тұлғалық аспект – этникалық бірегейлікті, этномәдени құндылықтарды сақтау мен таратуға деген уәжділікті қалыптастыру;

– үдерістік аспект – білім беру үдерісіне этномәдени мазмұнды тиімді енгізуге қажетті білім, білік және дағдылардың болуы.

Қорытындылай келе, болашақ педагогтерді полиэтностық қоғам жағдайында тәрбиелеу – студенттердің тұлғалық дамуын, олардың рухани-адамгершілік мәдениетін, мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін жүйелі, құндылықтық бағытталған тәсілді қажет етеді. Теориялық тұрғыдан негізделген және тәжірибеге бағытталған дайындық қана мұғалімге полимәдени білім беру кеңістігінде өз миссиясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруына және бірігуіне ықпал етеді.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңі ретінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогикалық мамандықтарында оқитын 120 студентке сауалнама жүргізілді, сондай-ақ 10 пән оқытушысымен сұхбат жүргізілді.

Бірінші эмпирикалық кезеңнің мақсаты – педагогикалық жоғары оқу орны студенттерінің этномәдени құзыреттілік деңгейін анықтау. Бұл үшін Е.Ю. Антонова ұсынған этномәдени толеранттылықты диагностикалау әдістемесі, Милтон Беннетт шкаласы бойынша мәдени сезімталдықты бағалау әдісі және авторлық сауалнама қолданылды.


1 – кесте

Оқу курстары бойынша іріктеме құрылымы*

Курс	Студенттер саны	Жалпы іріктеменің пайыздық үлесі
2 курс	35	29,2%
3 курс	47	39,2%
4 курс	38	31,6%

* авторлармен есептелген

- 1-кестеде ұсынылған деректерді талдау келесі нәтижелерді көрсетті:
- Студенттердің 64%-ында этномәдени құзыреттіліктің орта деңгейі анықталды.
 - Респонденттердің 21%-ы басқа мәдениеттерге деген құрмет пен этникалық айырмашылықтарды саналы түрде қабылдаумен сипатталатын жоғары деңгейді көрсетті.
 - Қатысушылардың 15%-ы төмен деңгейдегі этномәдени құзыреттілікті көрсетті, бұл педагогикалық түзетуді қажет етеді



Сурет – 1. Студенттер арасындағы этномәдени құзыреттілік деңгейлерінің бөлінуі, %
*авторлармен жасалды

1-суретке сәйкес, этномәдени іс-шараларға (форумдар, волонтерлік жобалар, этнопедагогикалық практикалар) қатысу тәжірибесі бар студенттер жоғарырақ нәтижелер көрсеткені анықталды. Қыз студенттердің эмпатия және мәдениетаралық сезімталдық деңгейі орта есеппен ер студенттерге карағанда жоғары (Стюдент критерийі бойынша $p < 0.05$).

Алынған деректер педагогикалық білім беру жүйесінде этномәдени құзыреттілікті дамытудың жүйелі тәсілін енгізудің өзектілігін растайды. Этнопедагогика және мәдениеттану пәндері жекелеген түрде ұсынылғанымен, олардың мазмұны жаңартуды және тәжірибеге бағдарланған тәсілді қажет етеді.

Тиімді тәжірибе үлгісі ретінде ұлттық қазақ құндылықтарын (үлкенге құрмет, ұжымшылдық, қонақжайлылық) мәдениетаралық кейстік тапсырмалар мен педагогикалық жағдаяттарды модельдеуге интеграциялау атап өтіледі.

Ұлттық құндылықтарды білім беру технологияларымен интеграциялаудың келесі инновациялық форматтары ұсынылды:

Цифрлық сторителлинг (Digital Storytelling): Студенттер «Ұлттық тәрбие – ұлағатты іс» тақырыбында мультимедиялық жобалар әзірлеп, халық педагогикасының элементтерін заманауи визуализация арқылы ұсынды.

Этно-кейстер: Педагогикалық ситуацияларды халықтық этика мен дәстүрлі тәрбие әдістері (мысалы, жыраулар мұрасы, билер сөзі) арқылы шешуге бағытталған интерактивті тапсырмалар жүйесі қолданылды.

Геймификация: «Этно-квест» форматында мобильді қосымшаларды қолдану арқылы студенттердің салт-дәстүрлер мен этнопсихологиялық ерекшеліктер туралы білімін интерактивті тексеру тетіктері іске асырылды.

2 – кесте

Этномәдени іс-шараларға қатысу мен құзыреттілік деңгейі арасындағы корреляция*

Іс-шараларға қатысу	Беннетт шкаласы бойынша орташа балл	Құзыреттілік деңгейі
Иә	4,3	Жоғары
Жоқ	3,1	Орташа / Төмен

*авторлармен есептелген

2-кестеде ұсынылған деректер этномәдени іс-шараларға қатысу мен студенттердің этнопедагогикалық құзыреттілігі арасындағы тікелей өзара байланыс бар екенін көрсетеді. Атап айтқанда, іс-шараларға жүйелі түрде қатысқан респонденттер Беннет шкаласы бойынша 4,3 орташа балл жинап, жоғары деңгейлі мәдениетаралық сезімталдық пен толеранттылықты көрсетті.

Керісінше, мұндай тәжірибесі жоқ студенттердің орташа көрсеткіші 3,1 балды құрап, олардың құзыреттілік деңгейі орташа немесе төмен екенін айғақтайды. Бұл нәтижелер мәдениетаралық қатынастарға қатысты білім, дағды мен көзқарастардың практикалық ортада дамитынын растайды. Демек, этнопедагогикалық құзыреттілікті тиімді қалыптастыру үшін студенттерді этномәдени тәжірибеге белсенді тарту – маңызды педагогикалық шарттардың бірі.

Зерттеудің екінші эмпирикалық кезеңі аясында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Педагогика және психология» кафедрасының этнопедагогикалық және мәдениеттанулық бағыттағы пәндерді жүргізетін 10 оқытушысымен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Сұхбаттың мақсаты – білім беру үдерісіне этномәдени компоненттерді енгізу деңгейін және оқытушылардың этнопедагогикалық құзыреттілігін өзіндік бағалау аспектілерін анықтау болды.

Сұхбат нәтижелерін талдау келесі негізгі үрдістерді көрсетті:

– Оқытушылардың 70%-ы болашақ педагогтарды кәсіби даярлау барысында жоғары оқу орындарында этномәдени аспектілердің жеткілікті деңгейде интеграцияланбайтынын атап өтті.

– Респонденттердің 60%-ы этнопедагогика бойынша оқу-әдістемелік материалдарды қазіргі заманғы мәдениетаралық сын-қатерлер мен білім беру стандарттарына сәйкес жаңартудың қажеттілігін көрсетті.

– Тек 40% оқытушы ғана өз пәндерінде этномәдени сезімталдықты дамытуға бағытталған тапсырмалар мен кейс-мәселелерді жүйелі түрде қолданатынын мәлімдеді.

Бұл нәтижелер педагогикалық білім беруде этномәдени мазмұнның мазмұндық және әдістемелік тұрғыда өзектендірілуді талап ететінін дәлелдейді.

3 – кесте

**Оқытушылардың студенттердің этномәдени дайындығына берген бағасы
(сұхбат нәтижелері бойынша)***

Көрсеткіш	Жауаптар үлесі (%)
Этномәдени дайындықтың маңыздылығын мойындайды	100%
Курстардың мазмұны қазіргі шындыққа толық сәйкес келмейді деп санайды	70%
Этномәдени тақырып бойынша практикалық тапсырмаларды қолданады	40%
Студенттердің мәдениетаралық жобаларға жоғары қатысуы атап өтіледі	30%

* авторлармен есептелген

3-кестеде көрсетілген сұхбат нәтижелері оқытушылардың этномәдени дайындық мәселесіне деген көзқарастарын сипаттайды. Барлық респонденттер (100%) болашақ педагогтардың этномәдени тұрғыдан дайын болуының маңыздылығын мойындайды, бұл олардың кәсіби қызметіндегі мәдениетаралық өзара әрекеттестікке дайындығының қажетті шарты ретінде бағаланады.

Сонымен қатар, оқытушылардың 70%-ы қазіргі этнопедагогика және мәдениеттану курстарының мазмұны заманауи әлеуметтік-мәдени өзгерістер мен білім беру талаптарына толық сәйкес келмейтінін атап өтеді. Бұл жағдай аталған курстарды жаңғыртудың өзектілігін көрсетеді.

Тек 40% оқытушы ғана оқу үдерісіне этномәдени мазмұндағы практикалық тапсырмаларды жүйелі түрде енгізетінін хабарлаған. Бұл көрсеткіш практико-бағдарланған әдістердің жеткіліксіз қолданылып жатқанын және студенттердің этнокультурологиялық білімдерін нақты контекстерде іске асыру мүмкіндігінің шектеулі екенін білдіреді.

Сондай-ақ, тек 30% респондент студенттердің мәдениетаралық жобаларға белсенді қатысатынын көрсеткен. Бұл білім алушылардың этномәдени тәжірибеге тікелей қатысу деңгейінің төмендігін және оған ықпал ететін факторларды жан-жақты зерттеу қажеттігін айғақтайды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде болашақ педагогтардың этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, оның қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызы дәлелденді. Зерттеу барысында қойылған мақсатқа толық қол жеткізілді: ұлттық құндылықтардың студенттердің кәсіби даярлығына әсері сараланып, этномәдени компонентті оқу үдерісіне кіріктірудің тиімді тетіктері ұсынылды. Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы этнопедагогикалық құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін (когнитивтік,

құндылықтық, іс-әрекеттік) 2022–2024 жылдар аралығындағы үш жылдық динамикада салыстыра отырып, оның даму тенденцияларын заманауи цифрлық технологиялар контекстінде негіздеумен айқындалады.

Эмпирикалық деректерді талдау нәтижесінде студенттердің басым бөлігінде (64%) құзыреттіліктің орта деңгейде екені анықталды. Бұл мәселені шешу үшін тәжірибелік блокта ұлттық құндылықтарды цифрлық сторителлинг, этно-кейстер және геймификация сияқты инновациялық технологиялармен интеграциялаудың тиімділігі дәлелденді. Алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығы – ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды педагогикалық ЖОО-лардың оқу бағдарламалары мен тәрбие жұмыстарына тікелей енгізуге болатындығында.

Болашақ ғылыми зерттеулердің бағыты ретінде этнопедагогикалық құзыреттілікті виртуалды білім беру ортасы мүмкіндіктері арқылы дамыту және көптілді білім беру жағдайындағы этномәдени сезімталдықты тереңдетіп зерттеу ұсынылады. Бұл зерттеу педагогикалық кадрларды даярлау сапасын арттырып, полимәдени қоғамдағы этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайтуға стратегиялық үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Спирина Т.А., Головина С.Г. Формирование этнической толерантности студентов в образовательном процессе вуза: методическое обеспечение // Мир науки, культуры, образования. – 2018. – № 4(71). – С. 167–170. – DOI: 10.21603/2542-1840-2020-4-3-187-197.
2. Темиргалинова А. Коммуникативно-этнопедагогическая компетентность как базовая профессионально значимая характеристика будущих педагогов в обучении в полиэтническом вузе // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2022. – №2(71). – С. 52–59. – DOI: 10.26577/JES.2022.v73.i4.05
3. Kabysheva M. Fostering critical thinking in learning outcomes of Kazakhstan initial teacher education // Frontiers in Education. – 2025. – DOI: 10.3389/feduc.2025.1554713.
4. Аипова А., Бурдина Е., Кударова Н., Анесова А., Демезинова Г. Формирование этнопедагогической компетентности будущего педагога в аспекте модернизации общественного сознания // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – №9(17). – С. 3294–3306. – DOI: 10.18844/cjes.v17i9.8030
5. О Концепции этнокультурного образования в Республике Казахстан: Распоряжение Президента Республики Казахстан от 15 июля 1996 г. № 3058 // САПП РК (Сборник актов Президента и Правительства Республики Казахстан). – 1996. – №28. – 245 с. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/N960003058_
6. Концепция модернизации педагогического образования Республики Казахстан // КазНПУ им. Абая. – Алматы. – 2022. – 24 с. – URL: <https://www.kaznpu.kz/docs/docs/koncept2023.pdf>

REFERENCES

1. Spirina T., Golovina S. Formirovanie etnicheskoy tolerantnosti studentov v obrazovatel'nom processe vuza: metodicheskoe obespechenie [Formation of ethnic tolerance of students in the educational process of the university: methodological support] // Mir nauki, kultury, obrazovaniya. – 2018. – № 4(71). – S. 167–170. – DOI: 10.21603/2542-1840-2020-4-3-187-197. [in Russian].
2. Temirgalinova A. Kommunikativno-etnopedagogicheskaya kompetentnost kak bazovaya professionalno znachimaya harakteristika budushih pedagogov v obuchenii v polietnicheskom vuze [Communicative and ethnopedagogical competence as a basic professionally significant characteristic of future teachers in training at a multiethnic university] // Vestnik KazNU. Seriya «Pedagogicheskie nauki». – 2022. – №2(71). – S. 52–59. – DOI: 10.26577/JES.2022.v73.i4.05 [in Russian].
3. Kabysheva M. Fostering critical thinking in learning outcomes of Kazakhstan initial teacher education // Frontiers in Education. – 2025. – DOI: 10.3389/feduc.2025.1554713.
4. Aipova A., Burdina E., Kudarova N., Anesova A., Demezina G. Formirovanie etnopedagogicheskoy kompetentnosti budushego pedagoga v aspekte modernizatsii obshestvennogo soznaniya [Formation of ethnopedagogical competence of future teachers in the context of modernization of public consciousness] // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2022. – №9(17). – S. 3294–3306. – DOI: 10.18844/cjes.v17i9.8030 [in Russian].

5. О Концепции этнокультурного образования в Республике Казахстан: Распоряжение Президента Республики Казахстан от 15 июля 1996 г. № 3058 [On the Concept of Ethnocultural Education in the Republic of Kazakhstan: Order of the President of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 1996 No. 3058] // SAPP RK (Sbornik aktov Prezidenta i Pravitelstva Respubliki Kazakhstan). – 1996. – №28. – 245 s. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/N960003058_ [in Russian].

6. Концепция модернизации педагогического образования Республики Казахстан [The concept of modernization of pedagogical education in the Republic of Kazakhstan] // KazNPU im. Abaya. – Almaty. – 2022. – 24 s. – URL: <https://www.kaznpu.kz/docs/docs/koncept2023.pdf> [in Russian].

Сапарбайқызы Ш., Казангапова В., Кабекенова А.У., Конакбаева У.Ж.

ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ В ФОРМИРОВАНИИ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В статье проанализированы теоретико-методологические подходы к определению структуры этнопедагогической компетентности будущих педагогов в условиях модернизации общественного сознания. Рассмотрены ключевые компоненты данной компетентности: когнитивный, ценностно-смысловой и деятельностный, а также выявлены педагогические условия, способствующие их эффективному развитию в вузовской практике. Исследование базируется на системном, компетентностном и культурологическом подходах, обеспечивающих комплексный анализ образовательной среды.

В ходе работы проведено эмпирическое исследование, включающее анкетный опрос 120 студентов Казахского национального педагогического университета имени Абая, результаты которого изучены в сравнительной динамике за период 2022–2024 гг. Применены методы полуструктурированного интервью с профессорско-преподавательским составом и контент-анализ образовательных программ на предмет степени внедрения этнокультурного компонента в учебный процесс. Определено, что у большинства студентов (64%) уровень сформированности этнопедагогической компетентности является средним, что обосновывает необходимость систематизации методической поддержки обучающихся.

В статье продемонстрирована эффективность интеграции национальных ценностей в образовательный процесс через такие инновационные форматы, как цифровой сторителлинг, этно-кейсы и элементы геймификации. Доказано, что использование мультимедийных технологий и интерактивное моделирование этнопедагогических ситуаций существенно повышают межкультурную чувствительность будущих учителей. В результате исследования сформулированы практические рекомендации по обновлению содержания учебных планов и программ воспитательной работы в педагогических вузах. Полученные выводы подтверждают значимость внедрения системного этнопедагогического подхода для подготовки квалифицированных кадров, способных эффективно осуществлять профессиональную деятельность в полиэтнической образовательной среде и содействовать укреплению общественного согласия.

Saparbaikyzy Sh., Kazangapova V., Kabekenova A., Konakbayeva U.

PECULIARITIES OF NATIONAL VALUES IN THE FORMATION OF ETHNOCULTURAL COMPETENCIES OF FUTURE TEACHERS

Annotation

The article analyzes theoretical and methodological approaches to defining the structure of the ethnopedagogical competence of future teachers in the context of modernizing public consciousness. The study examines the key components of this competence – cognitive, value-semantic, and behavioral – and identifies the pedagogical conditions that facilitate their effective development in university practice. The research is based on systemic, competency-based, and culturological approaches, providing a comprehensive analysis of the educational environment.

In the course of the work, an empirical study was conducted, including a survey of 120 students at the Abai Kazakh National Pedagogical University. The results were examined in comparative dynamics over the 2022–2024 period. Methods of semi-structured interviews with faculty members and content analysis of educational programs were applied to assess the degree of integration of the ethno-cultural component into the educational process. It was determined that for the majority of students (64%), the level of ethnopedagogical competence is average, which justifies the need for systematizing methodological support for learners.

The article demonstrates the effectiveness of integrating national values into the educational process through such innovative formats as digital storytelling, ethno-cases, and elements of gamification. It is proved that the use of

multimedia technologies and interactive modeling of ethnopedagogical situations significantly increases the intercultural sensitivity of future teachers. As a result of the study, practical recommendations were formulated for updating the content of curricula and educational work programs in pedagogical universities. The findings confirm the importance of implementing a systemic ethnopedagogical approach to prepare qualified personnel capable of effectively carrying out professional activities in a multi-ethnic educational environment and contributing to the strengthening of social harmony.

